

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің, Сәулет және дизайн кафедрасының профессоры суретші Мәжит Бәйтеновтің 75 жылдығына орай «Ұлы дала аңыздары» атты көрме ашылды. Онда суретшінің 75 кескіндемелік туындысы ұсынылды. Олар қылқалам шеберінің Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі, басым бөлігі кейінгі бес жылдықтағы шығармашылығының бір парасы.



Тақырыбы айтып тұрғандай, картиналарда ұлы даланың аңыздары, ұлттық ерекшеліктеріміз бен дәстүрлі дүниетанымымыз автордың көзқарасы арқылы суреттелген. Суретшінің авторлық қолтаңбасына түстік түзілімінің қанықтығы, жазықтықтың нұсқалық түрленуі, фактуралық үйлесім, стилизация және пішіндердің трансформациялануы тән. Шебердің «түрленуден қорықпаймын» деген қанатты сөзі жаңа эксперименттерге дайындығын және ішкі көпқырлы ұмтылысын көрсетсе керек.



Мәжит Байтенов суретші-график, кескіндемеші, өнертану доценті, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің профессоры, ҚР Көркемсурет академиясының академигі, ҚР Суретшілер одағының және Халықаралық Еуразия дизайнерлер одағының мүшесі. Алматы қаласындағы Н.Гоголь атындағы көркемсурет училищесін (қазір О.Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжі) бітірген ол шығармашылық ғұмырының біраз жылын Қарағанды қаласында өткізген. 1965-69 жылдар аралығында В.Лебедев, А.Бортников және Б.Тәбиев сынды озат суретшілерден дәріс алған. 1976 жылдан КСРО Суретшілер одағының мүшесі. 1972 жылдан көптеген халықаралық, республикалық көрмелердің қатысушысы, 2005 жылы Қастеев музейінде «Балбалтас» және 2019 жылы «Ұлы дала сыры» атты жеке шығармашылық көрмесін өткізген болатын.

*Мәжит Байтенов – еліміздің аға буын суретшілері арасында қазақ өнеріне өнегелі үлес қосып жүрген, дамылсыз еңбек етуден жалықпайтын нағыз ізденісшіл қылқалам шебері. Оның көрмеге қойылған «Жұлтегін», «Азиямен қауышу», «Жағажайдағы демалыс», «Сәукеле», «Қобызшы» және тағы басқа туындылары кескіндемелік сызықтар мен таңбалық сызықтар арқылы түрлі бояулы жағындылармен ізденген кескіндемелі қолтаңбаны байқайсыздар. Мысалы, «Азиямен қауышу» туындысында таңбалық жағындылар арқылы тақырыптық сұлбаларды енгізген. Бір қарағанда түсініксіз болып көрінетін туындылары суретшінің қалыптасқан кубизмдік стилінің таңбалық-сызықтық әдіске трансформацияланғанын байқауға болады, – дейді көрме жетекшісі Ақжігіт Нүсіп.*

Мәжит Байтенов ескі мен жаңаның арасындағы көпір секілді дейді көрменің ашылуында сөз сөйлеген әріптестері. Суретші қалыптасқан қолтаңбасы арқылы ұлы даладағы аңыздарды, философиялық ойларды және рухани үдерістерді кенеп бетіне түсіруден жалыққан емес. Ұлттық нақыштағы терең философиялық және шығармашылық ізденіске толы әлемі, кенеп бетіне бедерленген жарқын бояулар мен түркі әлемінің таңбалары көрмеден осылайша орын тапты.

